

Жобаның атауы, ЖТН	AP19174913 – Қазақстан Республикасының өңірлік жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды оқытудың зерттеушілік моделін (RBL) енгізу
Іске асыру мерзімі	01.02.2023-31.12.2025
Жобаның жетекшісі	Ермекбаева Гульмира Габитовна, РФ п.ғ.к.
Реферат	<p>Болашақ педагогтарды дайындау сапасын арттырудың бір жолы – олардың ғылыми әлеуетін қалыптастыру. Бұл бағыттың өзектілігі Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес педагог қызметкерлердің біліктілік санаттарына (педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер) қойылатын талаптарды жаңартуға байланысты болып табылады (№338 бұйрық, 2022). Болашақ мұғалімдердің ғылыми әлеуетін қалыптастырудың осындай механизмі ретінде жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарға арналған оқытудың зерттеушілік моделін (RBL) әзірлеу және енгізу талап етіледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының өңірлік жоғары оқу орнында болашақ педагогтарға арналған оқытудың зерттеушілік моделінің (RBL) қолданыс аясы Қазақстан Республикасының өңірлік жоғары оқу орындары болып табылады; күтілетін нәтижелердің мақсатты тұтынушылары – кәсіби дайындық үдерісіндегі болашақ педагогтар. Білім берудің зерттеушілік моделінің (RBL) тиімділігі бір жағынан педагогикалық және ғылыми мансапты әртараптандыруға байланысты болашақ педагогтардың кәсіби даярлығының бастапқы кезеңінде олардың ғылыми әлеуетін қалыптастыру деңгейінің жоғарылауымен және де, екінші жағынан, зерттеулермен айналысу қажеттілігімен айқындалатын Еуропалық шеңберіне сәйкес жаңа қазақстандық педагогтардың мансаптық өсу жүйесін енгізімен анықталады.</p> <p>Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы Педагогтар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес мұғалімдердің біліктілік санаттарына (педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер) қойылатын талаптарды қанағаттандырудағы сабақтастықты көздейтін Қазақстан Республикасының өңірлік жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды оқытудың дәлелденген зерттеушілік үлгісін (RBL) олардың ғылыми әлеуетін қалыптастырудың тиімді тетігі ретінде пайдалануымен түсіндіріледі.</p>
Мақсаты	<i>Жобаның мақсаты</i> – Қазақстан Республикасы өңірлік ЖОО-да болашақ педагогтардың ғылыми әлеуетін қалыптастырудағы механизмнің тиімділігін арттыру.
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> • Web of Science дерекқорының Arts and Humanities Citation Index немесе Social Sciences Citation Index индексында индекстелген немесе Scopus дерекқорында CiteScore пайыздық көрсеткіші кемінде 35 ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) мақаланың жариялануы;

	<ul style="list-style-type: none"> • зерттеу нәтижелерін әлеуетті пайдаланушылар, жоба бағыты бойынша ғалымдар қауымдастығы және жалпы жұртшылық арасында тарату мақсатында халықаралық ғылыми конференцияда ауызша баяндама жасау; • Қазақстан Республикасының өңірлік ЖОО-да болашақ педагогтарға білім берудің зерттеушілік моделіне (RBL) авторлық куәлікті рәсімдеу; • Қазақстан Республикасының өңірлік ЖОО-да болашақ педагогтарға арналған білім берудің зерттеушілік моделін (RBL) енгізу актісі; • әлеуетті пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының өңірлік ЖОО-да болашақ педагогтарды оқытудың зерттеушілік моделін (RBL) енгізу тәжірибесімен таныстыру мақсатында семинар өткізу.
Зерттеу тобы	<p><i>Жетекші:</i> Ермекбаева Гульмира Габитовна, РФ п.ғ.к., аға оқытушы, ORCID - https://orcid.org/0000-0001-5497-1062 .</p> <p><i>Ғылыми консультант:</i> Майданғалиева Жумагуль Алдияровна, философия докторы (PhD), Бәйішев Университеті доценті, Хирш индекс=4, Researcher ID AAR-3672-2020, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3189-8880, Scopus Author ID: 57201902072</p>
Ғылыми басылымдардағы жарияланымдары	